

Ұжымдық еңбек дауларын (жанжалдарын) реттеу жөніндегі республикалық пәтуаластыру комиссиясы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 19 мамыр N 405. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.06.25. N 1018 қаулысымен. ~P971018

Ұжымдық еңбек дауларын (жанжалдарын) қарау және реттеу үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Ұжымдық еңбек дауларын (жанжалдарын) реттеу жөніндегі Республикалық пәтуаластыру комиссиясы туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Республикалық пәтуаластыру комиссиясы мына құрамда құрылсын:

Жабағин А. Ә. - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары (комиссияның төрағасы)

Бейсенов С. Д. - Қазақстан Республикасының Еңбек министрі (комиссия төрағасының орынбасары)

Мұқашев С. О. - Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы Кеңесінің төрағасы (комиссия төрағасының орынбасары)

Комиссия мүшелері:

Акимов Б. М. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігінің орынбасары

Әлімжанов Қ. Қ. - Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің Әлеуметтік әріптестік мәселелері жөніндегі басқармасының бастығы

Базылов Қ. Б. - Қазақстан Республикасы Байланыс министрінің орынбасары

Баубеков Д. И. - Талдықорған облыстық кәсіподақ кеңесінің төрағасы

Бутина М. С. - Денсаулық сақтау қызметкерлерінің кәсіподағы орталық комитетінің төрағасы

Қалиев А. Ж. - Энергетика және электр техникасы өнеркәсібі

қызметкерлерінің кәсіподағы орталық
комитетінің төрағасы

Қасенов Е. С. - "Найза" акционерлік қоғамының президенті

Крепак П. И. - Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар
федерациясы Кеңесі төрағасының орынбасары

Күленов А. С. - Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының бас
директоры

Құлжанов М. Қ. - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
министрінің орынбасары

Мамонтов Я. Я. - "Қарағандыкөмір" өндірістік бірлестігінің
бас директоры

Молдахметов М. М. - Алматы облыстық кәсіподақ кеңесінің төрағасы

Нұржанов Б. Ғ. - Қазақстан Республикасының Энергетика және
отын ресурстары министрінің бірінші
орынбасары

Никифоров М. Д. - Көмір өнеркәсібі қызметкерлерінің кәсіподағы
орталық комитетінің төрағасы

Озолинг Э. И. - Қазақстан Республикасының Сәулет және
құрылыс жөніндегі мемлекеттік комитеті
төрағасының орынбасары

Рамаданов Т. М. - "Сұңқар" акционерлік қоғамының президенті

Романов В. И. - Қазақстан Республикасының Халықты
әлеуметтік жағынан қорғау министрінің
орынбасары

Рысбеков Ш. М. - Қазақстан Республикасының шағын кәсіпорындары
одағының бас директоры

Темірболатов С. Ғ. - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің
орынбасары

Тайғашынов Ж. Д. - Қазақстан Республикасы Көлік министрінің
орынбасары

Тайыров М. Т. - Қазақстан Республикасы кәсіподақтарының
федерациясы Кеңесінің еңбекшілердің
әлеуметтік-экономикалық құқығын қорғау
бөлімінің бас кеңесшісі

Телемтаева М. С. - Қазақстан Республикасы Сауда министрінің
орынбасары

Соломин Л. З. - Тәуелсіз кәсіподақ орталығының президенті

Хурин М. С. - Қазақстан Республикасы бірлескен кооперативтер
одағының және басқа да кәсіпкерлік

құрылымдардың президенті
Шоланов Б. Ғ. - Кен-металлургия өнеркәсібі еңбекшілерінің
кәсіподағы орталық комитетінің төрағасы
Шанко А. М. - "Алматы ауыр машина жасау зауыты"
акционерлік қоғамының президенті

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 19 мамырдағы
N 405 қаулысымен
Бекітілген

Ұжымдық еңбек дауларын (жанжалдарын)
реттеу жөніндегі Республикалық пәтуаластыру
комиссиясы туралы

Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Ұжымдық еңбек дауларын (жанжалдарын) реттеу жөніндегі
Республикалық пәтуаластыру комиссиясы (бұдан былай - комиссия) Қазақстан
Республикасы Министрлер Кабинетінің "Әлеуметтік-еңбек қатынастары
саласындағы әлеуметтік әріптестік туралы" 1992 жылғы 3 тамыздағы (Қазақстан
Республикасының ПҰАЖ, N 31, 474-бап) N 645 қаулысына сәйкес құрылған.

Комиссия өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын және
басқа актілерін, осы Ережені және Қазақстан Республикасы Министрлер
Кабинетінің 1992 жылғы 3 тамыздағы N 645 қаулысымен бекітілген Салалық
тарифтік (республикалық, салалық, аймақтық) келісімдер жасасудың тәртібі
туралы ережені басшылыққа алады.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгіленген
комиссияның дербес құрамы әлеуметтік әріптестіктің тараптары - Қазақстан
Республикасы Үкіметінің кәсіподақтар бірлестіктері мен кәсіпкерлер (жұмыс
берушілер) бірлестіктері өкілдерінің, өкілдіктердің, өкілеттіктердің, тең құқылық
пен өзара жауапкершілік жөніндегі екі жаққа тең принциптерін сақтаған
жағдайда өзгеруі мүмкін.

II. Комиссияның мақсаттары мен міндеттері

3. Комиссияның негізгі мақсаты жалдамалы еңбек қызметкерлерінің,

кәсіпкерлердің (жұмыс берушілердің) экономикалық және әлеуметтік мүдделерін ескере отырып, әлеуметтік әріптестіктің пәрменді жүйесін құру арқылы қол жететін батыл экономикалық реформаларды іске асыруға жәрдемдесу және азаматтық татулықты қамтамасыз ету болып табылады.

4. Комиссияның негізгі міндеттері:

еңбек қатынастарында жанжал туғызатын себептерді анықтау;

ұжымдық еңбек дауларын (жанжалдарын) реттеу;

экономикалық, әлеуметтік және еңбек қатынастары саласында өзара тиімді байланыстар орнату үшін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдердің ұқсас құрылымдары арасында өзара бірлесіп әрекет етуді ұйымдастыру болып табылады.

III. Комиссияның құқықтары

5. Комиссияның өзіне жүктелген міндеттерді орындауы үшін:

ұжымдық еңбек дауларын (жанжалдарын) реттеу жөніндегі жұмыстарға министрліктердің (ведомстволардың), ассоциациялардың, корпорациялардың, концерндер мен басқа да бірлестіктердің, кәсіпорындардың, кәсіподақ органдарының басшылары мен қызметкерлерін, сарапшыларды қатыстыруға;

салалық тарифтік келісімдер бойынша алауыздықтарды шешу жөніндегі мәселелерді қарау және ұжымдық еңбек дауларын (жанжалдарын) реттеу үшін аймақтардағы, салалардағы, бірлестіктердегі, кәсіпорындардағы, мекемелер мен ұйымдардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар туралы қажетті ақпараттар алуға, сондай-ақ қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларымен, статистикалық материалдармен танысу үшін комиссия мүшелері мен сарапшыларын жұмсап отыруға құқығы бар.

6. Комиссия төрағасы:

комиссияның, оның жұмыс тобының әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссиялармен қызметін үйлестіреді;

бірлескен шешімдерді талдап жасау және оларды жүзеге асыру барысында тараптардың өзара іс-қимылын және келісімге келуін қамтамасыз етеді.

IV. Комиссия қызметінің тәртібі

7. Комиссия ұжымдық еңбек даулары (жанжалдары) пайда болған жағдайларда жұмыс істейді.

8. Қажет болған жағдайда тараптардың әрқайсысы жекелеген мәселелер жөнінде келісілген шешімдер жасау үшін жұмыс топтарын құрады.

9. Тараптардың әрқайсысынан комиссия мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда комиссия мәжілісі құқықты болады.

Комиссияның және жұмыс топтарының мәжілістеріне сарапшылар қатыса

алады.

10. Комиссия қарайтын барлық мәселелер бойынша шешім келісім негізінде, тараптардың әрқайсысының тізімдегі құрамынан үштен екісінің дауыс беріп, шешім қабылдаған жағдайда қабылданады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК